

## 2005 жылғы 1 қыркүйектегі<sup>1</sup> банк секторының ағымдағы жағдайы

Қазақстанда 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 34 екінші деңгейдегі банк жұмыс істейді, оның ішінде Алматы қаласында 28 банк, 29 филиал және 216 есеп-айырысу касса бөлімі орналасқан.

Банк секторының құрылымы		01.01.05	01.09.05
1.	Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	35	34
	- шетелдің қатысы бар банктер	15	14
	жарғылық капиталда <sup>2</sup> мемлекеттің 100% қатысы бар банктер	1	1 <sup>2</sup>
2.	Екінші деңгейдегі банктер филиалдарының саны	385	406
3.	Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу касса -бөлімдерінің саны	1106	1237
4.	Екінші деңгейдегі банктердің шетелдегі өкілдіктерінің саны	11	17
5.	Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны	18	17
6.	Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепіл беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	34	34
7.	Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктердің саны	9	10

**Капитал.** Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық меншікті капиталының есеп айырысу мөлшері<sup>3</sup> ағымдағы жылдан бастап 117,6. теңгеге (33,9%-ке) өсті, 01.09.05ж. жағдай бойынша 464,4 млрд. теңге болды. Сонымен қатар, бірінші деңгейдегі капитал 36,0%-ке өсіп, 311,5 теңгені құрады, ал екінші деңгейдегі капитал 29,0%-ке өсіп, 165,6 млрд. теңге болды.

Меншікті капиталдың динамикасы, млрд. теңге	01.01.05	01.09.05	Өсімі, %-пен
1-ші деңгейдегі капитал	229,1	311,5	36,0
Жарғылық капитал	161,3	194,9	20,8
Қосымша капитал	16,7	27,2	63,0
Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	41,6	73,7	77,2
2-ші деңгейдегі капитал	128,4	165,6	29,0
Бөлінбеген таза кіріс	31,1	49,4	58,8
Реттелген борыш	99,3	144,3	45,3
Меншікті капитал барлығы	346,8	464,4	33,9

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері негізінен өзгерген жоқ және k1 - 0,087 ( 0,06 нормативі кезінде), k2 - 0,150 ( 0,12 нормативі кезінде) болды.

Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері	01.01.05	01.09.05
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,08	0,09
Меншікті капиталдың тәуекел дәрежесі бойынша есептелген активтерге және баланстан тыс міндеттемелерге қатынасы (k2)	0,16	0,15
Меншікті капиталдың несиелік портфельге қатынасы	1,19	0,19
Меншікті капиталдың құрылған провизияларға қатынасы	2,86	3,44
Меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,47	0,52
Меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	6,68	9,34


**Активтер.** 2005 жылдың қаңтар-тамыз айларында банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 791,6 млрд. теңгеге (29,5%-ке) өсті және есепті күнге 3 479,1 млрд теңге болды.

Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	01.01.05		01.09.05		Өсімі, (% - пен)
	млрд. теңге	жиынтығына %-пен	млрд. теңге	жиынтығына %-пен	
Қолма-қол ақша	55,0	2,0	72,0	2,1	30,9
Корреспонденттік шоттар	149,9	5,6	133,1	3,8	-11,2
Бағалы қағаздар	465,5	17,3	535,8	15,4	15,1
Басқа банкке орналастырылған салымдар	85	3,2	235,8	6,8	177,4
Банкаралық заемдар	105,1	3,9	86,0	2,5	-18,2
Клиентерге заемдар	1 707,8	63,5	2 319,1	66,7	35,8
Капиталға инвестиция және реттелген борыш	13,8	0,5	17,5	0,5	26,8
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	44,8	1,7	50,6	1,4	12,9
Басқа активтер	60,6	2,3	29,2	0,8	-51,8
<b>Активтердің барлығы</b>	<b>2 687,5</b>	<b>100</b>	<b>3 479,1</b>	<b>100</b>	<b>29,5</b>

Банктер активтерінің құрылымында банкаралық (66,7%), бағалы қағаздар портфелі (15,4%), басқа банктерге орналастырылған салымдардан басқа заемдар үлкен үлес алады (6,8%). Активтердің өсуі негізінен басқа банктерге орналастырылған салымдар бойынша шоттардағы қалдықтардың ұлғаюы есебінен 150, 8 млрд. теңгеге немесе 177,4%-ке және клиенттерге берілген заемдар есебінен 611,3 млрд. теңгеге немесе 35,8%-ке және бағалы қағаздар бойынша 70,3% млрд. теңгеге немесе 15,1%-ке өсті.

2005 жылдың басынан бастап, есепті күнге жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер 839,6 млрд. теңгеден ( 25,3%-ке) 4 160,6 млрд. теңгеге дейін өсті.


Сонымен қатар, активтердің және шартты міндеттемелердің жіктелуінің сапасында айтарлықтай өзгерістер болмағандығын атап өткен жөн. Стандартты




активтердің және шартты міндеттемелердің үлес салмағы 72,3% -тен 73,9% -ке дейін өсті, күмәнділер 26,0% -тен 24,8 %-ке дейін кеміді, үмітсіз активтердің және шартты міндеттемелердің үлесі 1,7%-тен 1,3%-ке дейін кеміді.

Активтер және шартты міндеттемелер сапасының динамикасы	01.01.05		01.09.05	
	Негізгі борыш сомасы млрд. теңге	жиынтығын а %-пен	Негізгі борыш сомасы млрд. теңге	жиынтығын а %-пен
Активтер және шартты міндеттемелер барлығы	3 321,0	100	4 160,6	100,0
Стандартты	2 401,7	72,3	3 076,7	73,9
Күмәнді	863,4	26,0	1 031,4	24,8
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	692,5	20,9	788,6	19,0
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	28,7	0,9	67,6	1,6
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	98,0	2,9	106,9	2,6
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	17,7	0,5	34,5	0,8
<i>5 санатты күмәнді</i>	26,5	0,8	33,8	0,8
Үмітсіздер	55,9	1,7	52,5	1,3

Структура ссудного портфеля по качеству на 01.01.2005г. (%)



Структура ссудного портфеля по качеству по состоянию на 01.09.05г. (%)



Қарастырылған кезеңде банктердің кредит портфелінің құрылымында стандартты кредит үлесі 56,2% -нен 61,0%-тен дейін өсті, күмәнді кредиттердің үлесі 40,9%-тен 36,9%-ке дейін, ал үмітсіз – 2,9%-тен 2,1%-ке кеміді.

Несиелік портфель сапасының динамикасы	01.01.05		01.09.05	
	Негізгі борыш сомасы млрд. теңге	жиынтығын а %-пен	Негізгі борыш сомасы млрд. теңге	жиынтығын а %-пен
Несиелік портфельдің барлығы	1 812,9	100	2 405,2	100
Стандартты	1 019,1	56,2	1 468,5	61,0
Күмәнді	741,9	40,9	887,0	36,9
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	578,1	31,9	666,4	27,7
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	25,1	1,4	64,2	2,7
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	95,2	5,2	89,7	3,7
<i>4 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	17,6	1,0	33,4	1,4


<i>5 санатты күмәнді</i>	25,9	1,4	33,3	1,4
<b>Үмітсіздер</b>	<b>51,9</b>	<b>2,9</b>	<b>49,7</b>	<b>2,1</b>

**Міндеттемелер.** 2005 жылғы қаңтар-тамыз аралығында екінші деңгейдегі банктердің міндеттемелерінің жалпы сомасы 692,1 млрд. теңгеге (28,6%-ке) өсті және есепті кезеңнің соңына 3 108, 3 млрд. теңге болды.


Банктер міндеттемелерінің ұлғаюына айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың 113,6%-ке немесе 217,0 млрд. теңгеге дейін өсуі мейлінше мәнді ықпал етті. Жасалған «РЕПО» операцияларының көлемі 72,2 млрд. теңгеден 45,3 млрд. теңгеге дейін кеміді.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.05		01.09.05		Өсіміне %-пен
	млрд. теңге	жиынтығына %-пен	млрд. теңге	жиынтығына %-пен в	
Клиенттер алдындағы міндеттемелер <sup>4</sup>	1 618,5	67	2 028,7	65,2	25,3
Банкаралық депозиттер	79,1	3,3	92,1	3,0	16,4
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар	5,4	0,2	3,8	0,1	-29,6
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	19,2	0,8	18,4	0,6	-4,2
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	343,9	14,2	422,3	13,6	22,8
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	72,2	3	45,3	1,5	-37,2
Реттелген борыштар	99,3	4,1	144,3	4,6	45,3
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	101,6	4,2	217,0	7,0	113,6
Өзге кредиторлар	49,5	2,1	74,9	2,4	51,3
Өзге міндеттемелер	27,5	1,1	61,5	2,0	123,6
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>2 416,2</b>	<b>100</b>	<b>3 108,3</b>	<b>100</b>	<b>28,6</b>

Структура обязательств банковского сектора по состоянию на 01.01.2005г. (%)



Структура обязательств банковского сектора по состоянию на 01.09.05г. (%)



2005 жылдың қарастырылып отырған кезеңінде клиенттердің салымдары<sup>5</sup> 407,5 млрд. теңгеге немесе 25,3% -ке өсті және 2005 жылғы 1 қыркүйекте 2 015,3 млрд. теңге болды.

2005 жылдың басынан бастап жеке тұлғалардың салымдары талап ету салымдары бойынша 14,4%-ке, мерзімді салымдар 19,9%-ке қалдықтардың өсуі есебінен 16,9%-ке немесе 75,9 млрд. теңгеге ұлғайса, ағымдағы және карт-шоттарындағылар 19,6%-ке, шартты салымдар бойынша қаражат сомасы 92,5%-ке кеміді.


*млрд. теңге*

№	Клиенттердің депозиттері	01.01.05.		01.09.05.		Өсімі % Прирост, в %	
		Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында
1.	Салымдардың барлығы, оның ішінде:	<b>1 607,8</b>	<b>917,4</b>	<b>2 015,3</b>	<b>1 184,0</b>	<b>25,3</b>	<b>29,1</b>
2.	Заңды тұлғалардың салымдары, оның ішінде:	<b>1 159,8</b>	<b>724,7</b>	<b>1 491,4</b>	<b>941,9</b>	<b>28,6</b>	<b>30,0</b>
	Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдарымен клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	756,7	498,7	967,6	673,4	27,9	35,0
	Талап ету бойынша салымдар	5,0	1,2	2,4	1,3	-52,0	8,3
	Мерзімді салымдар	396,5	223,8	519,2	265,6	30,9	18,7
	Шартты	1,6	1,0	2,2	1,6	37,5	60,0
3.	Жеке тұлғалардың салымдары, оның ішінде	<b>448,0</b>	<b>192,7</b>	<b>523,9</b>	<b>242,1</b>	<b>16,9</b>	<b>25,6</b>
	Клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	60,3	15,6	72,1	20,0	19,6	28,2
	Талап ету бойынша салымдар	16,7	6,9	19,1	9,1	14,4	31,9
	Мерзімді салымдар	360,3	161,5	431,9	212,7	19,9	31,7
	Шартты	10,7	8,7	0,8	0,3	-92,5	-96,5

Өз кезегінде, заңды тұлғалардың салымдары 28,6%-ке, оның ішінде мерзімді депозиттер - 30,9%-ке (122,7 млрд. теңгеге), клиенттердің ағымдағы және карт –шоттары 27,9%-ке (210,9 млрд. теңгеге) өсті, талап ету бойынша салымдар жөніндегі қаражат сомасы 52,0%-ке кеміді.

**Өтімділік.** 2005 жылдың қаңтар-тамыз айларында банк жүйесінің өтімділік деңгейі жоғары деңгейде сақталды. 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті жеке банк үшін барынша төмен 0,3 нормасынан 1,002 құраса, қысқа мерзімді өтімділік коэффициентінің барынша төмен мөлшері 0,5 нормасынан – 1,071 болды.

Динамика уровня ликвидности банковского сектора



**Кірістілік.** 2005 жылы 1 қыркүйекте екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 49,4 млрд. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды. (2004 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша – 31,5 млрд. теңге). Кірістердің жиынтық мөлшері 293,4 млрд. теңге болды (2004 жылғы 1 қыркүйекте -196,9 млрд. теңге), шығыстар – 244,1 млрд. теңге (2004 жылғы 1 қыркүйекте -165,4 млрд. теңге) болды.

Мынаны атап өткен жөн, ағымдағы жылдың 8 айында банктер өткен жылдың осыған ұқсас кезеңіне қарағанда, табыс салығын төлегеннен кейін 56,8%-ке көп таза кіріс алды.

Банк секторының кірістілігі, млрд. теңгеде	01.09.04	01.09.05	Изменение (+;-), в%
Сыйақы алуға байланысты кірістер	130,2	205,3	57,7
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	56,9	108,3	90,3
<b>Сыйақы алуға байланысты таза кіріс</b>	<b>73,3</b>	<b>97,0</b>	<b>32,3</b>
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	62,9	87,4	39,0
Сыйақы төлемін жасауға байланысы жоқ шығыстар	104,7	128,2	22,4
<b>Сыйақы алумен байланысы жоқ таза кіріс (шығын)</b>	<b>-41,8</b>	<b>-40,8</b>	<b>-2,4</b>
Көзделмеген баптар	3,6	-0,2	-
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	35,1	56,0	59,5
Табыс салығын төлеу бойынша шығыстар	3,6	6,6	83,3
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	31,5	49,4	56,8

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша

(86,2% немесе 177,0 млрд. теңге), сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алады, ал проценттік шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша (66,1% немесе 71,6 млрд. теңге) сыйақыларды төлеумен байланысты шығыстар орын алады.

Дилингтік операциялар бойынша таза кіріс 8,6 млрд. теңге (2004 жылғы 1 қыркүйекте – 6,6 млрд. теңге) болды.

Табыс салығы төленгенге дейін таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 1,61% (01.09.04 ж. жағдай бойынша - 1,61%) болса, табыс салығы төленгенге дейін таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE) – 12,06% болды. (01.09.04 ж. жағдай бойынша – 12,04%).

<b>Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер</b>	<b>01.09.04</b>	<b>01.09.05</b>
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	1,61	1,61
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE)	12,04	12,06
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	5,97	5,90
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфелінің кредиттеріне қатынасы	7,31	7,55
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	18,80	15,36
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	2,91	3,48
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	1,71	0,97

**Банк секторының шоғырлануы.** 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 62,06%-тен 58,74% -ке дейін кеміді, ал 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі де 63,48% -тен 59,47%-ке дейін кеміді.

3 ірі банктің банк секторының жиынтық несие портфеліндегі кредиттерінің үлесі 62,36% болды.

Жеке тұлғалар депозиттерінің шоғырлануының кемігендігі байқалды. 01.09.05 ж. жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 59,70%-і келсе, ал 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осындай көрсеткіш 63,28%-ті құраған.

<b>Жиынтық банк секторынан үлес</b>	<b>01.01.05</b>	<b>01.09.05</b>
Үш ірі банктің активтері	62,06	58,75
Үш ірі банктің міндеттемелері	63,48	59,47
Үш ірі банктің меншікті капиталы	54,11	55,06
Үш ірі банктің несие портфелі	66,33	62,36
Үш ірі банктің клиенттерінің <sup>5</sup> депозиттері, оның ішінде:	66,01	66,08
- заңды тұлғалардың	67,06	68,32
- жеке тұлғалардың	63,28	59,70

## Экономикадағы банк секторының ролі

Банк секторының экономикасындағы ролін салыстырмалы динамикасы	Қазақстан сипаттайтын көрсеткіштердің	01.01.02	01.01.03	01.01.04	01.01.05	01.09.05
ЖІӨ		3 250,6	3 747,2	4 449,8	5 542,5	6 397,0 <sup>6</sup>
		млрд.тең	млрд.тең	млрд.тең	млрд.тең	млрд.тең
		ге	ге	ге	ге	ге
Активтердің ЖІӨ -ге қатынасы %		25,1	30,6	37,7	48,5	54,4
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы %		15,9	19,1	24,4	32,7	37,6
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы %		3,8	4,3	5,2	6,3	7,3
Клиенттер депозиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы		15,0	18,6	21,8	29,0	31,5

1 – 01.09.05ж. жағдай бойынша ақпарат “Қазақстан Даму банкі” ЖАҚ деректерін ескермей берілген.

2 - “Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі” АҚ-ы;

"Эксимбанк" ААҚ-ы мемлекеттік үлесті сатып алуды жүзеге асырды.

3- уәкілетті орган бекіткен екінші деңгейдегі банктер үшін нормативтік мәндері мен пруденциалдық нормативтерін есептеу әдістемелері туралы ережелерге сәйкес;

4 – “Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары” 2222 шотын ескеріп;

5 – клиенттердің депозиттері туралы ақпарат клиенттердің ағымдағы шотын ескере отырып берілген.

6 – 2005 жылға болжам деректері